







Халық ауыз екі шығармашылығы

ЖОСПАР:


- Халық ауыз екі шығармашылығы
- Халық ауыз екі шығармашылығының шығу теориялар
- Қоғамның маңызды саласы – дін
 - Қазақ халқының жазуы
 - Халық әндері




**Қазақ халқының ерте заманда
жасаған мәдени мұрасының бір түрі
– халықтың ауыз екі
шығармашылығы.**



**Жазу – сызу өнері болмаған ерте
кезде-ақ қазақ халқы өзінің тұрмыс-
тіршілігі, қоғамдық өмірі,
шаруашылығы мен кәсібі, қуанышы
мен күйініші, дүние танудағы
көзқарасы т.б. жайында неше түрлі
өлең-жыр, ертегі-әңгіме, мақал-
мәтел, аңыздар ойлап шығарған
және оларды ауызекі айту күйінде
тудырған.**





Халық ауыз екі шығармашылығының шығуы

- Мифтік теория (Ф.И. Буслаев, О.Ф. Миллер, А.Н. Афанасьев)
- Ауысып алу теориясы (А.Н. Пыпин, В.В. Стасов, А.Н. Веселовский)

Мифтік теория -ауыз екі шығармашылығы дінге, діни ұғымдарға, әр түрлі мифтерге байланысты туды және ауыз екі шығармашылығының алғашқы кейіпкерлері құдайлар болды деп қарады.

Ауысып алу теориясы -бір елдің ауыз әдебиетінде кездесетін сюжеттерге екінші бір елдің әдебиетінен ұшырай қалса-ақ болғаны, оны олар бір-бірінен ауысып алған деп есептеді.

Манас 1000 Manas




КЫРГЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫ • 1995




Кобыланды батыр Koblandy batyr






Мысалға Манас пен Қобыланды батыр жайындағы жырларды алайық. Мұның бірі қырғыздың, екіншісі қазақтың жыры. Сырт қарағанда бір-біріне өте ұқсас келетін бұл сюжетті қазақ ақындары қырғыздан немесе қырғыз жыршылары қазақтан алған секілді болып көрінеді. Шынында олай емес. Бұл сюжет осы екі халықтың ертедегі өмірінен алынады. Тарихи деректерге қарағанда, қазақ пен қырғыз елі көп уақыт шетелдік басқыншылардың шабуылын көрген. Сондай жағдайда басқыншыларға қарсы аттанып, жаудан ел-жұртын қорғап аларлық ұлды қазақ та, қырғыз да арман еткен. Мұны олар өздерінің жырына да қосқан. Осы бір мысалдың өзі-ақ сюжет ұқсастығы ауысып алу нәтижесінде тумайтындығын, ол халықтардың тұрмыс-тіршілік, қоғамдық жағдайларының ұқсастығына байланысты болатындығын көрсетеді.


ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысына дейін өз заманының рухын, шындық өмірін, идеясын айқын етіп суреттеген қазақтың ақын, жырау-жыршылары кім болғанын айта алмаймыз. ХҮ-ХҮІ ғасырларда өмір сүріпті деп жорамалмен айтылатын Сыпыра жырау, Асан қайғы, Жиреншелер жайында толық мәліметтер жоқ, тек аңыз-әңгімелер ғана бар. Сондықтан оларды қазақ көркем әдебиетінің негізін салған адамдар деудің реті келмейтін секілді.



Сыпыра жырау




Асан қайғы



Жиренше

Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің арасындағы айырмашылықты көрсететін белгі– нұсқа. Мәселен, ертекші өзінің ертегін көпшіліктің жиналған жерінде айтады. Енді тыңдаушылар сол ертегіні екінші бір жерде өзінше әңгімелейді, жаңалап айтады. Сөйтіп ертегінің екінші бір туынды түрі, нұсқасы шығады. Қазақ арасына көбірек тараған «Қобыланды батыр», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» т.б. жырлардың бірнеше вариантта болуы осы айтылғандарға байланысты туған.





Халық тудырған ауыз екі шығармашылық – қоғамдық, таптық сананың жемісі, онда еңбекші бұқараның тұрмыс-тіршілігі, дүниеге көзқарасы, таптық күресі суреттеледі. Халықтың ауыз әдебиеті әлеуметтік теңсіздікке, құлдық өмірге қарсы күресу жөнінде еңбекші бұқараның сана-сезімін оятуға жәрдемдеседі, соны бейнелейді. Және де ауыз әдебиеті арқылы халықтың өткендегі өмірін, тарихын елестетуге болады.



Қоғамның маңызды бір саласы дінді қамтымай мәдениет толымсыз болар еді. Егер біз мәдениетті адамның дүниедегі болмыс тәсілі деп қарастырсақ , онда дін осы болмысқа мағыналық және тұрақтылық беретін күшке жатады. Қазақтардың исламға дейінгі діни жүйесінде анимизмнің геноттеизммен тұтасуының басқа да мысалдары әдебиетте көптеп келтіреді. Ислам қалыптасқанға дейін қазақтың рухани мәдениетінде маңызды рөл атқарған діни жүйелерге тәңірлік дін мен шаманизм жатады.






Ислам діні






шаманизм



Мифтік санада тұлға туралы түсінік жоқ, ол табиғи және қауымдық күштердің тасасында қалған. Тылсым табиғаттың алғашқы еркін жіберілген тұлғасы – Батыр. Табиғи және құдайылық қажеттікті жеңе білген батыр нағыз адамзаттың мәдениеттіліктің негізін қалады.





Халық әндері(folk music), Ауызша дәстүрмен сақталған және қоғамға таныс қандай да бір ұлт пен этникалық топ адамдарына арналған ерекше әуен. Халық әуенінің дамуының шынайы тарихын тек қана болжауға болады. Ән мен күй шыққан күн, туған айдай дала жұртының тал бесіктен жер бесікке түскенге дейінгі жан серігі болды. Ауылдан ауылға ән айтып, күй тартып жүрген диуаналар, бақсылар, жыршылар, сал – серілер өз өнерін көрсетіп, халықтың көңілін көтерді, айт пен той – томалақ, түрлі ойын – сауық, отырыстардың көркі болды. Ақын - әншілердің өнері халық арасында өте жоғары бағаланып, ақынның келген ауылы оған зор сый – құрмет көрсеткен. Олардың аты аңыз - әңгімеге айналып, ауыздан – ауызға, ұрпақтан – ұрпаққа жетті.

Халық әндері:

- «Ғайни»
- «Назқоңыр»
- «Дудар-ай»
- «Бипыл»
- «Ақ тамақ»
- «Қара жорға»
- “Балапан қаз”
- “Ақбаян”
- “Беу, құрбым –ай”
- “Шилі өзен”, т.б.



Пайдаланылған әдебиет:



- infourok.ru › [halyty auyzek poetikaly shyarmashylyy](#)
- szh.kz › [304772/халық-ауыз-әдебиеті-тақырыбында](#)
- collegu.ucoz.ru › [Наша библиотечка](#) › [46-1-0-4597](#)





Назарларыңызға
РАХМЕТ!!!

